

Баймаганбетова Жұлдызай Турматовна

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға
оқытушысы, п.ғ.к*

Мырзабек Жансая

*Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің
магистранты*

Бастауыш сыныпта жаңа технологиялар негізінде оқушылардың сабаққа қызығушылық қабілеттерін дамыту

Еліміздің келешегі – жастар білімі мен тәрбиесіне ерекше назар аударуы біздің көкейіміздегі толғақты сауалдары дөп басып отыр. Өйткені, қазіргі жас буын «бүгінгі еліміздің қонағы, ертеңгі қожасы». Білімді жас – еліміздің құдіреті әлеуеті. Мемлекеттің болашағы – қазіргі жаһандану заманында жастардың әлемдік білім мен ғылымды және ұлттық мәдениетті игеруіне тығыз байланысты. Заман талабына байланысты ХХІ ғасырда жаңа білім беру парадигмаларының енуі күрделі тапсырмаларды шешуге қабілетті, өнімді ойлау мен белсенді қиялдауға бейім шығармашыл тұлға дамыту талабы өсе түсуде. Қазіргі кезде қоғамдағы қарқынды өзгерістер жыл сайын жаңа өмір салтын құруда. Осыған орай, әрбір адам бұл өзгерістерді дұрыс қабылдап, тиісінше, өз қызығушылық әлеуетін үнемі белсендіріп отыруы тиіс.

Оқу арқылы жақсылыққа жетуге болатыны бәрімізге мәлім. Сондықтан жас ұрпақты тәрбиелей отырып, біліммен сусындыру баршаның міндеті. Қазіргі білім беруші оқытушылардың алдындағы басты мақсат оқушылардың сабаққа қызығушылық қабілеттерін дамыту. Еліміздің іргетасы дұрыс қалануы үшін де, өз ұрпағының өнегелі, енерлі, еңбексүйгіш болып өсуі үшін оқу-тәрбие үрдісінде, әрбір ұстаз тиімді жаңаша тәсілдерді пайдалана білгені жөн. Сабақ барысында оқушылардың сабаққа қызығушылық қабілеттерін дамыту тұрғысынан, оқытудың тиімділігін арттыру бүгінгі жоғары оқу орындарындағы білім сапасын арттырудың негізі болып табылады.

Қызығушылық мәселесі қазақ ойшылдары Әбунасыр Ибн Мұхаммед әл-Фараби, Әбуғали Ибн-Сина және т.б, ағартушы педагогтар А. Құнанбаев, Ы. Алтынсариннің назарынан тыс қалмаған.

Мәселен, Әл-Фараби шәкірттің «рухани негізі түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады. Оқу-үйрену нәтижесіне шәкірттің ниеті әсер етеді, көңіл қалауы болмақ» десе, Ы. Алтынсарин, оқушыларды мектепке, сабаққа, кейіннен ғылымға өз бетімен құмарландыратын сабақ, оқушыларға ана тілінде қарапайым тілмен қызықты ұғындырылса, әңгімелер мен ертегілер, мысалдар мен өлеңдер орынды пайдаланылса, олардың білім алуға қызығушылығы арта түседі деген пікір айтады.

А.Байтұрсынов, «балаларды қинамай, оңай оқыту керек. Қиналмай оқыса, оқуға балалар қызықпақшы» десе, Ж.Аймауытов «оқытуда қызығусыз үлкен нәтижеге жетпейміз. Бойдағы ынтаны қоздырып, кейбір нәрсеге ынтаны қолдан жасап еріксіз шақырамыз» - деп, оқушылардың ынтасын оятып, қызығушылығын қозғау керектігіне баса назар аударды.

Болашақ ұрпақтың ойлы да іскер, жігерлі де батыл, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік, дүниетанымы дұрыс қалыптасқан азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны айрықша. Мектеп қазіргі қоғамның дамуымен, әлеуметтік практикамен тығыз байланысты. Мектеп өмірі балаға жаңа әлемнің есігін ашып беріп, рухани дүниесінің қалыптасуына негіз салады.

Бастауыш мектеп - тәрбиенің сан салалы, күрделі мәселелеріне терең бойлауға бастайтын, күнделікті тұрмыста кездесетін дағдылар арқылы баланың жан дүниесіне әсер ететін білім мен тәрбиенің алғашқы баспалдағы. Бастауыш саты – білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Келешекте жалпы білім алу мен кез келген арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы осы бастауышта қаланбақ. Сондықтан, оның сипаты мен мазмұны, оқытудың әдістері мен формалары қазіргі жағдайда жан-жақты талданып отыр. Өйткені, баланың жеке бас қасиеттері, оның адамгершілігінің, белсенділігінің қалыптасуы мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге аспақ. Оқушының рухани күш-қуаты мен ерік-жігерінің, шығармашылық қабілетінің, жалпы мүмкіндіктерінің ашылар кезі.

Бастауыш мектептің негізгі міндеті – жеке тұлғаны дамытып, оның алғашқы қалыптасуын қамтамасыз ету, білімге деген сенімін нығайту, іскерлігі мен дүниетанымын қалыптастыру, оқуға деген қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру болып табылады. Ендеше, осы міндеттерді жүзеге асыратын басты тұлға – Ұстаз. Тек мықты ұстаз ғана осындай ауыр жүкті алып жүре алады. Халқымыз әрқашан да ұстаз мәртебесін көтеріп, аса жоғары қастерлеп, бағалаған.

Еліміздегі жас бала ертеңгі ел тұтқасы десек, оларды парасатты, саналы азамат етіп тәрбиелеу – әрбір ұстаздың борышы. Бүгінгі мұғалім кіші мектеп оқушыларына тек білім беріп қана қоймай, оларды халықтық педагогиканың нәрлі қайнарымен сусындату, әрбір оқушы бойында ұлттық мінез-құлық, адамгершілік, сыпайылық пен кішіпейілділік қасиеттерін қалыптастыруға, баланың жан дүниесін рухани қазыналармен байытуға, қазақ халқының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін меңгертуге тиіс.

Бастауыш сынып оқушылары үшін мұғалім олар еліктейтін, үлгі ететін абыройлы жан. Олар ұстазының бүкіл іс-қимылына, жүріс-тұрысына, сөйлеу мәнеріне, адаммен қарым-қатынасына еліктейді. Сондықтан да, жауапкершілігі

мол, адал да мейірімді, әділ де парасатты, рухани дүниесі бай педагогтар ғана балаға білім мен тәрбие беріп, оның жан дүниесіне әсер ете алады.

Жаңа педагогикалық технологияларды күнделікті сабақ үрдісінде пайдалану үшін, әр мұғалім алдында отырған оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, педагогтік мақсатына, мүддесіне сай, өзінің шеберлігіне орай таңдап алады. Педагогикалық жаңа технологиялар бастауыш сынып мұғалімдеріне мынадай қағидаларды ұсынады: оқуға шығармашылықтың енуі, мұғалім мен оқушы арасындағы ынтымақтастық, өзара әрекеттестік сипатындағы жаңа әлеуметтік қатынастың пайда болуы, жеке тұлғаның дамуына жағдайдың туғызылуы, яғни жеке тұлғаға бағдарланған оқу, тұлға дамуының сыртқы әсерімен бірге оқушының ішкі түрткілеріне негізінде жүргізілуі. Сонымен, педагогикалық технология дегеніміз – тәжірибеде жүзеге асырылып, нәтиже беретін педагогикалық жүйенің жобасы.

Жаңа технологиялардың негізгі қағидалары:

- балаға ізгілік тұрғысынан қарау;
- оқу мен тәрбиенің бірлігі;
- баланың танымдық және шығармашылық икемділігін дамыту;
- баланың танымдық күшін қалыптастыру және дамыту;
- әр оқушының, оның қабілеті мен мүмкіндік деңгейіне қарай оқыту,
- барлық оқушының дамуы үшін жүйелі жұмыс істеу.

Қазіргі уақытта америка ғалымдары Джинни Стилл, Куртис Мередит және Чарльз Темпл жасаған «Оқу мен жазу арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту» жобасы оқушылардың сабаққа қызығушылық қабілетін дамыту үшін тәжірибеде қолданысқа ие болып отыр. Педагогикалық технологиялардың бірі «Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойлауды дамыту» технологиясы әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған білім берушілердің бірлескен еңбегі деп түсінуіміз керек. Белсенді түрде өз білімін үйренген жолына қарап, өзгерістер енгізеді, яғни нағыз білім шыңына көтеріледі, үлкен әлемге енеді. Сол білім арқылы өзінің өзгергенін сезінеді, өзіне өзгеше менім, тәрбиелік, даналыққа бастау алады. Толғануды тиімді етуге лайықталған «Бес жолды өлең», «Венн көрсетілім», «Еркін жазу», «Екі түрлі түсініктеме күнделігі», «Ойлану стратегиясы» т.б. осы сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне қарай лайықты қолданылады. Олар оқушылардың бір-бірімен ой алмастыруын, ой түйістіруін қамтамасыз етеді. Әр оқушы өз шығармашылығын көрсете алады.

Пайдаланған әдебиеттер:

- 1.Ж.А.Қараев, Технология уровневой дифференциации. Алматы «Мектеп» 2005г.
- 2.М.М.Жанпейісова «модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде». Алматы, 2002 жыл
- 3.К.Бұзаубақова, Жаңа педагогикалық технология. Оқу құралы. - Жазушы, 2004. – 208 б.